

# МОМЫШҰЛЫНЫҢ БІЗ ЕСКЕРМЕГЕН ҚЫРЛАРЫ



Ұлы Отан соғысының шындығы туралы осы уақытқа дейін біраз жазылды. Сонда да болса, уақыт керуені жылжыған сайын неміс-фашистерінің басқыншылық соғысының құпиясын ашып, жаңа дәуір танымынан сараптау заман талабы болып отыр. Қазіргі кезде Ресей елінің кейбір баспасөз беттерінде, түсірілген киноларында соғыстағы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының үлесін жоққа шығарып, неміс-фашистерін жеңген жеңісті тек орыс халқының жеке жеңісі деп көрсетіп жүр. Осылай істеу арқылы олар тарих пен соғыс шындығын бұрмалауда. 1941 жылғы соғысқа гитлер техникасы дамыған Германиямен қоса, бүкіл Еуропа жұртының адам күші мен соғыс техникасын салды. Машиналы соғыс кезеңіндегі дамыған қару-жарақпен қаруланған неміс әскерлерімен соғыс жүргізу Кеңес Одағы үшін өте ауыр соқты. Соғыстың алғашқы қарқынында немістер күніне 40-50 шақырыммен алға жылжыды. Сұрапыл соғыстың машиналы дәуірінің бұл кезеңіне Кеңес әскерлерінің командирлері мен соғыс техникасы сай болмай шықты. Сондықтан батыстағы фашистермен соғысқан Қызыл Армия түгелге жуық күйреді. Осындай

сын сағатында соғыстағы әскерді қайта жасақтау үшін одақтас республикалардың халқынан әскер жасақтады. Соғысқа Қазақстан Республикасынан 18-49 жас аралығындағы 1 миллион 196 мың 164 адам, 50-55 жас аралығындағы 700 мың ер-азаматтар майдандағы қара жұмысқа аттанды. Ауыл шаруашылығы саласы мен зауыт, фабрикаларда әйелдер, қыз-келіншектер мен бұғанасы қатпаған жас балалар жұмыс істеді. Майданда фашистерге атылған әрбір он оқтың жетеуі, кейбір тарихи деректерде тоғызы Шымкент қаласындағы қорғасын зауытында жасалған. Мәскеу түбіндегі шайқаста Кеңес әскерлері мен командирлері өздерінің біліктілігін жетілдіріп, тәжірибе жинақтап машиналы соғыстың қыр-сырын меңгерді. Осы тәжірибе гитлерлік Германияны күйретудің алғашқы мұрындығы болды. Себебі, біз қазақ халқы гитлерлік Германияға қарсы ерлікпен соғысып, орыс, украин халқынан кейін құрбан болғандар мен батыр атағын алғандар жағынан сол тұстағы одақтас республикалар арасында үшінші орынды иеленеміз. Біріншіден, соғыс орыс пен украин жерінде болды, екіншіден, халық саны жағынан біз орыс халқынан қырық алты есе, украиндардан отыз есе аз бола тұра, неміс басқыншыларынан әлемді азат етуде ерен ерлігімен ерекшелінеді. Сондықтан күллі адамзаттың азаттығы, бейбіт өмірі үшін жанын пиде еткен қазақ халқының ерлігі үшін өлем халқы да қарыздар екендігін ұмытпаған жөн. Ерліктің әлемде жоқ үлгісін көрсетіп, неміс-фашистерінің алғашқы қарқынын қайтару Мәскеу қаласының түбіндегі соғыс, сол ерліктің тірегі болған Панфилов дивизиясы фашистердің Кубас СС және онымен қоса, төрт дивизиямен қатар соғыс жүргізді. Бұл туралы Б.Момышұлының шәкірті, генерал-полковник Иван Макарович Глушко: «Неге екенін қайдам, Момышұлы мен оның жауынгер серіктеріне соғыстың алғашқы сын сағатынан бастап, ақырғы шешуші сәтіне дейінгі өн бойында рейхтың «Қу бас» дивизиясы эсэсшілердің жасақталған ең таңдаулы әскері қарсы тұрғаны жөнінде тым аз айтылады. Олар оң-оңай-ақ жайпап салатын осал жау емес еді», – деп еске алады. Сондағы Панфилов дивизиясының 75-80 пайызы қазақ-қырғыз жігіттері болғанын көп халық біле бермейді.

атқа мінсе – алты ауыт техникасын да мей Мұқағали, Сағи, Фариз «талант» дейді... Мұнда

Жапондардың инте сыйласа, бір-екі шума поэзия мәдениетін тү

Исі қазақ та той-дум суырып салады! Біран

Ақан

Ал, мына «поэзия с

жоқ; оларға «Жамб

«Олжас – орысшыл

біреуі қызды-қызд

деген өлеңін

...«Рым

Сатқын ғы

нып і

Нұрт

Осы қазақ-қырғыз жігіттері өзінің ұлттық ойындары мен салт-дәстүрлері арқылы тәрбиеленген дәл-дайын ақылы, сезімі, физикалық тұрғыдан үйретілген әскер болатын. Б.Момышұлының 1943 жылы 18 наурызда Қазақ КСР-ы Халық Комиссарлары Кеңесінің председателі Н.Оңдасыновқа «Қазақтың ұлттық ойындары» атты хатында: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы аса зор екеніне көзім жетті», — деп жазады. Осыған қарап, біз Панфилов дивизиясы қазіргі Ресейдің «Альфа» еліміздің «Арыстан» арнаулы жасақтарының бастамасы деуге толық негіз бар.

Алматыда Орта Азия әскери округінің 1941 жылғы 12 шілдедегі бұйрығы бойынша Қазақстан және Қырғызстан азаматтарынан 316-шы атқыштар дивизиясын құру ұйғарылған. 13-17 шілдеге дейін дивизияда генерал Панфилов, майор Стариков және Б.Момышұлы үшеуі ғана болған. Дивизия жасақталып, бір айға толар-толмас әскери дайындықтан кейін 17 тамызда майданға аттанды. Бір жарым айдай Ленинград бағытында резервте болып, қазан айының бас кезінде орталық майдан қарамағына өтеді. Ол кезде орталық майданды маршал Рокоссовский басқарған. 316-шы атқыштар дивизиясына Мәскеу бағытындағы Волоколамск тас жолы бойының өлу шақырымдық бекініс ауданын қорғау жүктеледі.

Ол кездегі әскери жарғы бойынша батальон екі шақырымдық жерге ғана қорғаныс шебін құруға мүмкіндігі бар деп саналатын, ал, Б.Момышұлының батальоны алты-сегіз шақырым жерге қорғаныс бекінісін құрған. Осылайша Панфилов дивизиясының батальоны полкке, полктары дивизияға қарсы соғысқан. Панфилов дивизиясының төрт полкі бақайшығына дейін қаруланған неміс-фашистерінің бес дивизиясымен ауыр соғыс жүргізді. Бұл туралы «Москва үшін шайқас» шығармасында Б.Момышұлы: «Таяқпен танкке қарсы соғыстық», — деп жазған.

Әсіресе, майданнан тоз-тоз болып үрейлене шегінген сарбаздардың немістер туралы айтқан әңгімелері бекініс құрып жатқан әскерлердің ұнжырғасын түсіріп жіберген. Осындай қысылтаяң шақта әскердің моральдық рухын көтеру мақсатында Б.Момышұлы Среда селосына түнгі шабуыл ұйымдастырып, неміс-фашистеріне соққы береді. Жау біраз шығынға ұшырайды. Бұл туралы: «...Мен өз батальоным туралы сөз еткенде ешқашан Среда жорығы туралы айтуды естен шығармаймын. Түнгі шабуылдың бұл учаскедегі кейінгі оқиғалардың барысына ықпалы, әсері болмаса да, біз көп жағдайда оған қарыздармыз. Меніңше, ең бастысы, ол солдаттарымыздың психологиясы мен жан жүрегіне ұмытылмас әсер қалдырды», — деп жазады.

Немістердің де ет пен сүйектен жаралғанын, оларды атса өлетінін, тұтқындауға болатынын дәлелдеп, жеңіске деген сенімі оянған батальон 19 қазаннан 28 қазанға дейін ауыр ұрыстар жүргізеді. Осы әскери күші тең емес ауыр шайқаста Б.Момышұлы басқарған батальон Панфиловтың ерекше резерві болған. Сондықтан шайқастың ең қиын жерлеріне Б.Момышұлы басқарған батальонды жұмсаған. Соғыста Бауыржан көп тәжірибе жинақтай жүріп, генерал Панфилов екеуі Қызыл армия жарғысына шегіну, қоршаудан шығу, патша заманынан кейін ұмытылған винтовканы топтай ату (жаппай бір мезгілде ату) сияқты біраз өзгерістер енгізген. Бұл сол кездегі соғыс тактикасына енген зор жетістіктер болды. Панфилов дивизиясындағы солдаттарымыздың ерлігін айта отырып, орта ғасыр ғұламасы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы «Топ итті жолбарыс бастаса, топ ит жолбарысқа айналады. Топ жолбарысты ит басқарса, жолбарыс итке айналады» деген нақылын да естен шығармауымыз керек. Осы ауыр шайқаста В.Панфилов пен Б.Момышұлының жеке басының ерекше қасиеттерін, қолбасшылығын да ескеруіміз керек. В.Панфилов пен Б.Момышұлының ерлігі мен тапқырлығының арқасында неміс фашистері 27 қазанда Волоколамск қаласын алғанымен, Мәскеуді жаулауға жіберген әскери күштің тең жарымынан айырылды.

Мәскеу түбінде неміс-фашистері 1941 жылдың 16 қарашасына дейін қорғанысқа көшуге мәжбүр болып, өздерінің әскери күштерін қайта жасақтайды. Бұл туралы Б.Момышұлы: «Немістер 1941 жылдың 16 қарашасына дейін қорғаныста тұрды. Оларды осы жиырма күндік қорғанысқа амалсыз мәжбүр ету — сол 1941 жылдың сұрапыл күндерінде біз үшін мәні үлкен табыс еді. Бұл солтүстігі мен оңтүстігінен қыспаққа алынған Москвамыз үшін де үлкен ұтыс болатын. Сол шақта жиырма күн емес, жиырма сағат, тіпті екі сағаттың өзінде көп мәселе шешілетін, яғни жиырма күн ішінде командованиеға тұтас бір армияны жеткізіп үлгеруге мүмкіндік туар еді. Қысқасы, осы жиырма тәулік біздің командование үшін, қайталап айтқанда, өте маңызды болды», — деп жазды.

Неміс-фашистерінің қайта жасақталған армиясы Мәскеу қаласына 16 қарашада қайта шабуылға шыққан. Бұл күндері қиян-кескі соғыстың болғаны белгілі. 18 қарашада генерал-майор В.Панфиловтың өзі шайқаста қаза табады. Дивизияны басқару полковник Шелудькоға жүктеледі.



# Момышұлы біз ескермеген қырлары

Бесінші ғасырда бабамыз Білге қаған түркі халқының азаттығы, елдігі үшін 47 рет даңқты жорыққа шығып, жауларын жеңсе, жиырмамыншы ғасырда Панфилов дивизиясының айрықша резервтегі батальонын басқарған Бауыржан Момышұлы 27 рет ұрысқа кіріп, 5 рет қоршаудан шығып, ерліктің нағыз өнегесін қайталады. Б.Момышұлы «Ер сасқан, өтегін басқан» 1941 жылдың 26 қарашасында маршал Рокоссовскийдің бұйрығымен полк командирі болып тағайындалды. Бұл туралы Б.Момышұлы: «Ал, жолдас Момышұлы, сізді Қызыл Армияда полкке басшылық ететін жалғыз дара аға лейтенант деп айта алмаймын, ал менің Армияда сіз жеке дарасыз, құттықтаймын. Сіз жөнінде маған айтқан еді. Табыс тілеймін», — деп, өзінің қанмен жазылған кітабында баян етеді.

Бауыржан полк командирі болғаннан кейін өзінің батальонын кімге тапсыру керектігі туралы қатты ойланады. Бірінші таңдауы аға лейтенант Х.Рахимовқа түседі. Бірақ Х.Рахимов өте жақсы адам болғанымен, оның бойында шешімталдық пен кесіп түсер қасиет жетіспейтінін аңдап, полк басшылығын оған тапсырмаған. Негізінен әскери жарғы бойынша батальонға басшы майор, не подполковник шеніндегі адам болу керек екен. Бірақ Бауыржан таңдауы қарамағындағы капитан, майор шеніндегі офицерлерге түспей, взвод командирі, партия қатарында жоқ кіші лейтенант Мұхамедқұл Исламқұловқа түседі. Қаншама қарсылықтарға қарамай М.Исламқұловты батальон командирі етіп тағайындаған. Оның үстіне М.Исламқұловтың әкесі — 25 жыл болыс болған адам. Сондықтан Мұхамедқұлдың өзі «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясынан қуылғандай еді. Міне, осындай қысылтаяң, жарты әлемді билеген, айбарлы Коммунистік партияның қыспағында, орыс шовинизмін пір тұтқан әскери шенділердің алдында қаймықпай Мұхамедқұлды батальон командирі етіп тағайындау, теңдессіз ерлік болатын. Бауыржан Момышұлы генерал Панфиловтың сенімін қалай ақтаса, Мұхамедқұл Исламқұлов та Бауыржан сенімін солай ақтай алды деуге толық негіз бар.

1941 жылдың 26 қарашасынан 31 қарашасына дейін Б.Момышұлы өз полкін 13 шайқасқа бастап

кірген. Әрбір сүйем жер үшін ауыр ұрыстар жүріп жатады. Крюкова станциясынан Мәскеуге дейін төтесінен бары-жоғы 30 шақырым жер қалған болатын. Осы кезде орталық майдан әскерінің басшылары Мәскеу көшелерінде соғыс жүргізу жоспарын жасап, майдандағы әскердің командирлеріне тапсырған болатын. Осындай қысылтаяңда Б.Момышұлы Крюкова станциясынан кейінгі жердің картасын қанжарымен кесіп ойып алып, өртеп жібереді де, Крюковадан бір адым шегінбеуге бұйрық берген. Крюкова түбінде қорғанысқа көшкен полктің саны жағынан батальоннан аспайтын. Міне, осындай аз күшпен тылы Мәскеу қаласынан ар жағына адасып өтіп кеткен полкті Б.Момышұлы басқарып, Крюкова көшелерінде — бірінші күні алты сағатқа созылған соғыс жүргізсе, екінші күні он екі сағатқа, үшінші күні он сегіз сағатқа созылған ауыр шайқастар жүргізген. Осы үш күнгі сұрапыл соғысты полк азық-түліксіз, оқсыз, дәрі-дәрмексіз жүргізді. Руздан Крюкова станциясына дейін бір жарым ай әскери әдіс-айласын өзгерте отырып дұшпанды әбден қансыратқан Панфилов дивизиясын немістер «тағы дивизия» деп атап, ашу-ызамен: «Қарғыс атқыр 8-ші дивизия ма?», — деп, үрейлене еске алады екен.

Крюкова станциясында Б.Момышұлының бел омыртқасына оқ тиіп, госпитальға жатудан бас тартқан батыр, екі елі етін кестіріп оқты алдырып тастайды. Оқты алдырғаннан кейін екі аяғы істемей, сал болып қалған Б.Момышұлы майдан даласын тастамай әскерін басқара береді. Осындай ауыр жағдайда батальон командирі Жуков шегінуге рұқсат сұрап жалғыз қалғанын айтады. Б.Момышұлы Жуковқа қатардағы солдат болып бірінші батальонның командирі Исламқұловтың қарамағына баруын бұйырады. 15 минуттан кейін Вехов хабарласып, жеті адамы қалғанын баяндайды. Б.Момышұлы Веховқа да бөлім командирі болып жеті адамымен Исламқұловтың қарамағына барып соғыс дейді. Осы аралықта М.Исламқұлов телефон шалып: «Жағдай өте ауыр. Қырық адам қалды. Не істейміз?», — дейді. Б.Момышұлы: «Сенің қарамағыңа Жуковты беремін, оның қолына

винтовк  
Вехов ж  
команди  
айқасын  
винтовк  
бұйырад  
офицерл  
лер кеңе  
алыпты.  
оған тел  
қорғаны  
адам күн  
телефон  
Мұхамед  
өлде жа  
— дейді.  
қамыс өл  
ме. Бұл «  
Менің бұ  
Халқ  
сөзімен  
Мұхамед  
немістер  
беріп, жа  
тың осы  
полктің  
қысылта  
басшылы  
фашисте  
Б.Момы  
аламыз.  
ерлік пе  
ғасырда  
Мен  
Алты  
Ертіс  
Көп е

Азбы  
деп ерлі  
Екі а  
Оқ қ  
Қан.  
Бете  
Соғы  
деп ерлі  
XIX ға  
Атада  
Жау  
Үдей  
деп, ерлі  
мұңын, ж  
нағыз ер  
дәстүр ж  
Мұхамед  
жігіттері  
да Мәске  
қолбасш  
пайдалан  
Мәскеуге  
шегіндір  
жауға кү  
Немі  
арқылы т  
берген б  
шыққан т  
алып жо  
1942 жы  
пайдалан  
тылы фа  
Мұны се:  
Соколово  
сағаттама  
алуды Б.  
тұрып ге  
«Егер де  
девяны  
— дейді.  
жатқан п  
басқа ба  
Орманн  
картада  
қыстақ б  
өтеді. Әс  
зеңбірен  
қарулар  
артта қа  
сағат 4:0  
«Басмас  
басып ал  
жүзден  
нынан ж  
кездегі с  
ерлік бол  
Осы  
батыр 19  
Қазақст  
жағдайлы  
Айтқан о  
Ғылым а  
бір апта

винтовка ұстат, солдат ретінде соғысқа кірсін, Вехов жеті жауынгерімен барады, оны бөлім командирі етіп тағайында да, ақырына дейін айқасыңдар. Бәрінен айрылсаң – өзің де қолыңа винтовка алып, солдат ретінде шайқас», – деп бұйырады. Вехов та, Жуков та капитан шеніндегі офицерлер болатын. Осы жоғарғы шенді офицерлер кеңес құрып М.Исламқұловты қыспаққа алыпты. «Б.Момышұлы бізге сене бермейді, сен оған телефонмен, сірә, мына адамдармен қорғанып болмас деп айт», – дейді. М.Исламқұлов адам күшінің аздығын айтып, шегінгісі келетінін телефонмен баяндайды. Сонда Б.Момышұлы Мұхамедқұл Исламқұловқа: «Жаныңды жау ма, әлде жаныңдағы өзесілдер ме қоймай жатқан?», – дейді. – «Ей, Мұхамедқұл! «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген халқымыздың мақалы есіңде ме, Бұл «Арым – жанымның садағасы» деген сөз. Менің бұйрығым осы», – деген екен.

Халқымыздың қасиетті де, құдіретті, рухты сөзімен берілген бұйрықты түсіне білген Мұхамедқұл Исламқұлов шабуылға шығып, немістердің тас-талқанын шығарып, мықты соққы беріп, жағдайды қалпына келтіреді. Исламқұловтың осы сәтті жасаған қарсы шабуылынан кейін полктің жағдайы жақсарып қалады. Міне, осындай қысылтаяң шақта Исламқұловтың ерлігі, шешімтал басшылығы арқасында Мәскеу қаласына неміс-фашистерінің өтпей қалуына септігі болғанын біз Б.Момышұлы шығармашылығынан ғана біле аламыз. Мұндағы Бауыржан мен Мұхамедқұлдың ерлік пен өрлік, сөзге тоқтау дәстүрі бесінші ғасырда бабамыз Тоныкөк ерлігінде:

*Мен – Білге Тоныкөкпін,  
Алтын қойнауынан асып келдік.  
Ертіс өзенінен кешіп келдік,  
Көп екен деп неге қашамыз?!*

# ЫНЫҢ

*Абыз деп неге қорқамыз?! –  
деп өрлесе, XV ғасырда Доспамбет жырау:  
Екі арыстап жау шапса,  
Оқ қылқандай шаншылса,  
Қан жусандай егілсе,  
Бетегелі Сарыарқаның бойында.  
Соғысып өлген өкінбес! –  
деп ерлік өнегесін көрсетеді.  
XIX ғасырда Махамбет:  
Атадан туған аруақты ел  
Жауды көрсе жапырар,  
Үдей соққан дауылдай, –*

деп, ерлік пен батырлықты дәріптей жырлап, елдің мұңын, жоғын жоқтап жауларымен алысқан батыр нағыз ерліктің өнегесін көрсетті. Осы ерліктің дәстүр жәліғастығын XX ғасырда Бауыржан мен Мұхамедқұл және соғыстағы қазақ-қырғыз жігіттері қайталады. 1941 жылдың 8 желтоқсанында Мәскеуді қорғауда жеткізілген әскери күшті бас қолбасшы неміс-фашистеріне қарсы шабуылға пайдаланды. Әбден қансыраған акупанттарды Мәскеуге 110 шақырым қашықтық жерге шегіндірді. Осы шабуылда Панфилов дивизиясы да жауға күйрете соққы берген.

Неміс қолбасшылары түбірден соғу тактикасы арқылы талай рет Қызыл армияға қатты соққылар берген болатын. Түбірден соғу әдісі шабуылға шыққан тұтас корпусты өткізіп жіберіп, оны қоршап алып жойып жіберетін. Мұндай тактиканы тағы да 1942 жылы 8 ақпанда Харьков түбінде пайдаланғысы келді. Сол үшін Соколова деревнясында фашистер негізгі әскери күшін сақтады. Мұны сезе білген генерал-майор Честяков Соколова деревнясын азық-түлік, оң-дәрімен қамтамасыз етіп тұрған Трошкова деревнясын алуды Б.Момышұлына тапсырады. Тапсырма беріп тұрып генерал-майор Честяков Б.Момышұлына: «Егер де сен таңғы сағат 8-ге дейін Трошкова деревнясын алсаң, мен сені Суворов деп атаймын», – дейді. Б.Момышұлы өз бағытында соғысып жатқан полкінен бір жарым батальонды алып, басқа бағыттағы Трошкова деревнясына келеді. Орманның ішінде отырып бақылап қараса, мұнда картада көрсетілмеген Трошковамен қоса алты қыстақ бар екен. Бәрінен де Соколоваға қарай жол өтеді. Әскерде тек винтовка мен автомат қана, зеңбіректер мен танкіге қарсы пайдаланатын қарулар қалың қарда алып жүру мүмкін болмай артта қалған еді. Осындай қысылтаяңда таңғы сағат 4:00-де бір жарым батальонды бөліп, «Басмасшылық» жолмен алты бірдей қыстақты басып алады. Осы шайқаста жаудың бір мың екі жүзден астам адамын жойып жіберген. Өз батальонынан жүз елу жеті адам шығын болған. Бұл сол кездегі соғыс тактикасында ересен тапқырлық пен ерлік болатын.

Осындай даңқпен елін жаудан қорғап жүрген батыр 1943 жылдың желтоқсан айында Қазақстанға келеді. Елдегі саяси-әлеуметтік жағдайларға көңіл бөліп, ОҚ-ке хаттар жазды. Айтқан ойларымен М.Әуезовтің көзіне түсіп, Ұлттық Ғылым академиясында соғыс психологиясы туралы бір апта лекция оқиды. Осы лекцияның негізінде

қазақ жазушылары машиналы соғыстың тактикасы мен психологиясын түсінді. Ф.Мүсіреповтың 1945 жылғы шыққан «Қазақ солдаты» романына жалпы жазушыларымыздың әскери тақырыптағы шығармаларына өзінің оң ықпалын тигізді деп айтуға толық негіз бар.

Б.Момышұлы осы сапарынан майданға қайтарында қазақ халқының дәстүрі бойынша абыз-ақын Жамбылдың:

*Батырдың жолы болсын,  
Самсаған қолы болсын.  
Түрі де суық екен,  
Ісі де долы болсын, –*

деген қасиетті батасын алған. Майданға келгеннен кейін маршал Жуков, маршал Василевский, маршал Баграмянның алдында генерал-полковник Честяковтың мәлімдеуімен Б.Момышұлын маршал Баграмян 1945 жылдың 25 қаңтарында 9-шы гвардиялық дивизияға командир етіп тағайындайды. 9-шы гвардиялық дивизия неміс-фашистерінің солтүстік тобымен ауыр шайқастар жүргізді. Немістердің солтүстік армиясы «Курляндия» тобы болып қайта құрылған еді. Бұл топта 30-дан аса дивизия, яғни жарты миллионнан аса әскерлер болды. «Курляндия» майданы 1945 жылы 2 мамырда Берлин құлап, фельдмаршал Киттель 3 мамырда Германияның капитуляциясына қол қойғаннан кейін де, соғыс жүргізген. 1945 жылғы 12 мамырда «Курляндия» тобы тұтқынға берілді. Б.Момышұлы басқарған 9-гвардия неміс-фашистерінің осы тобын тұтқынға алады. Бұл туралы Б.Момышұлы «Соғыстың соңғы сәті» шығармасында: «... Дүние тып-тыныш бола қалды. Үрейленіп оқоптың көнересіне көз жібердік. Немістер ақ ту көтеріп, шұбырып бізге қарай келе жатты. Олар бізге көп қорлық көрсетті. Бірақ біз тұтқындарды қорламадық. «Таспен атқанды аспен ат» деген. Мен немістің жиырма жеті генералының алдында халқымыздың ақ дастарқанын жайып, қонақасын бердім. Енді елімізге тиіссендер дәм ұрсын!» – дедім.

– Найн, найн! – деп олар бастарын шайқап, көздерін жыпылықтатты.

«Арий қанды зиялы генералдар алдарындағы асты аш қасқырдай түтіп жөп жатты. Соғыс осылай бітті», – деп жазған. «Қашқан жауға қатын да ер» дегендей, тұтқындарға мұндай құрмет көрсету тек қазақ халқының құдіретті дәстүрінде бар салт. Шындығында неміс-фашистері өздерін арий қанды санаған олар, тұтқындарға құрмет көрсетудің орнына, қорлау мен зорлық-зомбылықтың неше түрлі айласын жасап бақты. Нағыз бекзаттықты түркі халқының ұрпағы, қазақ халқының ұлы Бауыржан Момышұлы ата-дәстүр негізінде жасады. Бекзаттықтың негізінде Б.Момышұлы ерлік неше түрлі үлгісін көрсете отырып, тұтқындарға «ақ дастархан жайып, ас беруі» нағыз адамдықтың, даңқты қолбасшылықтың белгісі емес пе? Б.Момышұлының даналығын, қазақ ұлтының ұлылығын көрсетсе керек. Сондықтан да Б.Момышұлының шығармашылығын мектепте оқыту арқылы қазақ елінің жас ұрпағын адал, азамат патриот етіп тәрбиелеуде маңызы ерекше болар еді.

Қазақтың батасы, ұлттық нақыл сөздері қандай құдіретті болғанын осы дәстүрдің әлемді табанына салып таптағысы келген фашистердің маңдайына соққы боп тиіп, сарбаздарымызға күш бергенін біз түсінуіміз керек. Қазақ ұлтының нақыл сөздері сарбаздарымыздың рухына жігер беріп жатқанда, абыз ақынымыз Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» өлеңі қоршаудағы Ленинград қаласының халқына рух беріп жатты. Тылдағы халқымыз күндіз-түні ұйықтамай, майдан үшін қызмет етті. Миллионнан астам ер-азаматтарымыз майданда етігімен қан кешіп, неміс-фашистерімен арпалысты. Қыздарымыздың бірі ұшқыш, бірі мерген, бірі пулеметші болып жауға соққы берді. Осы машиналы соғыстың ең сұрапыл кезеңінде қазақ халқы ерліктің нағыз үлгісін көрсете білді. Сондықтан да әлем халқын неміс-фашистерінің езгісінен құтқаруда қазақ халқының да айрықша үлесі бар.

Қазіргі кезде кейбір жазушылар мен тарихшылар бұл соғысты анголо-саксондар мен славяндардың арасындағы соғыс деп көрсеткісі келіп жүр. Бұл ой соғыстағы қазақ халқының орыс халқымен тең ерлік көрсеткенін жоққа шығарады. Егер де қазақ ұлты бұл соғыста ерлік көрсетпей қашқанда, қазіргі тарих сахнасында қазақ мемлекеті болмас та еді. Қайта қазақ ұлты неміс-фашистерімен ерлікпен шайқасып, Б.Момышұлындай батырлардың ерлігі Отанға деген адалдықтың және өз ұлтының рухтық символына айналды. Сондықтан да Ұлы Отан соғысы тарихынан қазақ ұлты ұялатындай ештеңе жоқ. Керісінше, мақтануға тұрарлықтай қайталанбас ерлік көрсете білді.

Бұл соғыс негізінен екі жүйенің, яғни капитализм мен социализмнің арасында болған соғыс. Мұндағы қауіпті жай – фашист ұлтшылдығының мақсаты әлемде тек арий тайпалары ғана өмір сүріп, үстемдік етіп, қалған ұлттар мен ұлыстар жойылуы тиіс болатын. Осындай қауіпті індеттен әлемді құтқаруда қазақ халқының да теңдессіз үлесі бар. Сондықтан да Ұлы Отан соғысын қазақ халқы мәңгі ұмытпайды.

**Құрманғали ОРАЗБАЕВ,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ доценті.**